ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 қыркүйек Іс №1013-24-00-2/2032 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Сыздыков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Аягөз аудандық пайдалану бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АРС-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Аягөз аудандық пайдалану бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің «АРС-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«АРС-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«АРС-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 8044 (сегіз мың қырық төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 2087 (екі мың сексен жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **К.С.Сыздыков**

Құжатқа қол қойылған: Сыздыков К. С., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Сыздыков К. С., 06.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

1013-24-3-1/2039